<question>35 жастағы науқас әйел ЖДП дәрігеріне келесі шағымдармен келді: бел аймағының сыздап ауыруы, кіші дәретке жиі, ауырсынулы баруы, дене қызуының 38-38,5⁰С жоғарылауы, өзін соңғы бірнеше апта көлемінде науқас санайды. Дәрігерлерге қаралмаған. Тері жамылғылары қуқыл, АҚ 180/95 мм сын. бағ. Қағу симптомы оң жағында оң. Несептің жалпы анализінде: полиурия, лейкоцитурия, бактериурия, салыстырмалы тығыздығы төмен. ҚЖА: нейтрофильді лейкоцитоз, ЭТЖ жоғары, гипохромды анемия. УДЗ күтетін нәтижені таңдаңыз:

<variant>бүйрек өлшемдерінің асимметриясы, астауша-тостағанша жүйесінің деформ Бенс-

Джонса ациясы, бүйрек паренхимасының біркелкілігінің диффузды өзгерістері

<variant>өлшемдерінің симметриялы ұлғаюы, бүйрек паренхимасының біркелкілігінің диффузды өзгерістері

<variant>бүйрек паренхимасының тығыздалуы, ісінуі, бүйрек контурлары анықталмайды

<variant>бүйрек өлшемдерінің екі жақты кішіреюлері, бүйрек паренхимасының біркелкілігі сақталған

<variant>паранефралық клетчатканың ісінуі, бүйрек қозғалғыштығының шектелуі

<question>Себебі белгісіз қызба синдромы бар науқаста миеломалық аурудан күдік туды.

Несептің патологиялық тұнбасының топтама миеломадағы (миеломалық ауру) ерекшелігін белгілеңіз:

<variant>протеинурия Бенс-Джонс белоктарымен

<variant>жекеленген протеинурия

<variant>протеинурия, эритроцитурия, цилиндрурия

<variant>протеинурия, лейкоцитурия, бактериурия

<variant>симптомсыз бактериурия

<question>Ісінудің дұрыс анықтамасын таңдаңыз:

<variant>ісіну – гипергидратацияның жекелеген бір түрі, ісіну- ағзаның су алмасуы

бұзылысының типтік формасы, дене қуысына және/немесе жасуша аралық кеңістікке артық сұйықтықтың жиналуымен сипатталады

<variant>ісіну – гипергидратацияның жекелеген бір түрі, ісіну- ағзаның су алмасуы

бұзылысының типтік формасы, тек іш қуысына артық сұйықтықтың жиналуымен сипатталады

<variant>ісіну – гипергидратацияның жекелеген бір түрі, ісіну- ағзаның су алмасуы

бұзылысының типтік формасы, тек плевралық қуысқаартық сұйықтықтың жиналуымен сипатталады

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУШЫ-ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАР		044-62/11 () 48 беттің 34 беті

<variant>ісіну – гипергидратацияның жекелеген бір түрі, ісіну – ағзаның су алмасуы бұзылысының типтік формасы, тек перикард қуысынаартық сұйықтықтың жиналуымен сипатталады

<variant>ісіну – гипергидратацияның жекелеген бір түрі, ісіну – ағзаның су алмасуы бұзылысының типтік формасы, тек жасушааралық кеңістікке сұйықтықтың жиналуымен сипатталады

<question>19 жаста науқастың шағымдары: күп болып ісіну, шөлдеу, бас ауруы, жай қалыпты еңтігу. Науқас 10 күн алдын ангинамен ауырған. Об-ті: бетінің, аяқтарының, бел аймағының айқын ісінуі. АҚ 180/100 мм сын.бағ. Несепте: салыстырмалы тығыздығы 1029, белок 4,5 г/л, лейкоц. 10-15 к/а., эр. балғын және ескірген 3-5 к/а, гиалинді цилиндрлер 3-4 к/а. Тәуліктік диурезі 300 мл. Патологиясын болжаңыз.

<variant>нефротикалық синдром

<variant>бүйректің жедел зақымдалуы

<variant>өзекшелік жіті ацидоз

<variant>тез үдеуші гломерулонефрит (БПГН)

<variant>бүйректің созылмалы шамасыздығы, терминаль сатысы

<question>38 жаста науқас (жүктілік жоспарлап отыр) салмағының жоғарылауын, терлегіштіктің азаюын, бет терісінің домбығуына шағымданды. Ұзақ уақыт созылмалы тонзиллиттен зардап шегеді. Об-ті: бойы 158 см, салмағы 89 кг. Терісінде көк жолақтар жоқ, айқын гиперкератоз. Беті домбыққан, көздері ісінген. ЖЖС56 мин. АҚ 150/90 мм сын. бағ.

Қанда глюкоза 3,3 ммоль/л. Клиникалық жағдайды болжаңыз, тиімді емді таңдаңыз:

<variant>гипотиреоз, тиреодиты дәрмектермен ем

<variant>гиповитаминоз, витаминотерапия

<variant>бүйректік ісіну, диуретиктерді тағайындау

<variant>бүйректік ісіну, қабынуға қарсы терапия

<variant>семіздік, субкалориялы диета тағайындау

<question>Диагнозын болжаңыз: 24 жастағы науқаста ангинамен ауыруының үшінші тәулігінде ісіну, макрогематурия, АҚ жоғарылауы дамыды.

<variant>БСА: созылмалы гломерулонефриттің өршуі

<variant>БЖЗ: жіті гломерулонефрит

<variant>БЖЗ: жіті пиелонефрит

<variant>БСА: апостематозды нефрит

<variant>БСА: бүйрек амилоидозы

<question>39 жастағы әйелде келесі шағымдар бар: ұстамалы түрдегі басының қинайтын ауыруы, ол қорқыныш сезімімен, терлеумен, қол-аяқтары бастарының ине шаншығандай түйреуімен, жүрек қағуымен, жүрек аймағының ауыруымен бірге дамиды. Осындай уақыттарда АҚ_d=200/115 мм сын. бағ. деңгейіне дейін жоғарылайды. Орнынан тұруға ұмтылу, естен танумен аяқталады. Болжам диагнозы:

<variant>феохромоцитома

<variant>артериялық гипертензияның катерлі түрі

<variant>аорта коарктациясы

<variant>бейспецификалық ортоартериит (Такаясу ауруы)

<variant>фибромускулярлы дисплазия, САГ

<question>33 жастағы жақында босанған әйелде адинамия, басының ауыруы, терісінің құрғауы, ішінің катуы, жиі естен танулар, салмақ жоғалту дамыды. Шаштары мен қасының және жыныс мүшесі аймағының түктерінің түсе бастағандығын да байқаған. АҚ 90/60 мм сын. бағ., пульсі 54 мин. Болжам диагнозын анықтаңыз:

ONȚÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУШЫ-ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАР	044-62/11 () 48 беттің 35 беті

<variant>Шиеннің (Шиханның) синдромы

<variant>екіншілік гипотиреоз

<variant>біріншілік гипотиреоз

<variant>созылмалы гипокортицизм

<variant>екіншілік гипогонадизм

<question>Науқас, 1 типті қантты диабетпен 15 жылдан дертті, соңғы айларда гипогликемиялық жағдайлар мен естен танулардың жиілеп, АҚ жоғарылағанын бақылаған. Бұл клиникалық жағдайдың тұжырымы –

<variant>диабеттік нефропатия

<variant>жүректің ишемиялық ауруы, жүрек шамасыздығы

<variant>тыныс шамасыздығы

<variant>нейропатия фонындағы гипогликемияларға төмен сезімталдық

<variant>инсулинді ұзақ қабылдаудан дамыған инсулинге тұрақтылық

<question>Науқас әйел 1 типті қантты диабетпен 15 жылдан дертті, соңғы айларда гипогликемиялық жағдайлар мен естен танулардың жиілеп, АҚ жоғарылағанын бақылаған. Бұл клиникалық жағдайдың тұжырымы жасалды – диабеттік нефропатия. Науқас жүктілік жайлы сұрақ қойды. Сіздің ұсынысыңыз:

<variant>бала көтеру өте қауіпті, жатырышылық спираль қойдыру

<variant>бір курс емнен кейін бала көтеруге болады

<variant>антигипертензиялық және инсулин дәрмектерін қабылдай жүріп, бала көтеруге болады

<variant>сартандар бүйректік АГ жақсы бақылайды

<variant>ААФИ бүйректік АГ жақсы бақылайды

<question>Қантты диабеттің 1 типі бар жүкті әйел (мерзімі 11-12 апта) гипогликемиялық комаға түсті, 40% глюкоза в/ішіне енгізілді, гликемиясы 12,3 ммоль/л дейін жоғарылады, бірақ ол есін жимады.

Дәрігердің дұрыс тактикасын таңдаңыз:

<variant>бас миының ісінуімен күрес шараларын тағайындау

<variant>глюкозаның 40% ерітіндісін қайта енгізу

<variant>глюкозаның 40% ерітіндісін венаға тамшылатып енгізу

<variant>қысқа әсерлі инсулиннің 0,1Б/кг/сағ. инфузиясы

<variant>жұлын пункциясын жасау

<question>34 жастағы жүктілігі 19-20 апталық әйелдің салмағы артық, қалқанша безі І дәрежелі ұлғайған, беті ісіңкі, терісі құрғақ, тілі үлкен. Пульсі 64 мин. Іші қатады. Шамалы экзофтальм, склерасының инъекциясы, Грефенің оң симптомы. ТТГ қалыпты. Жалпы Т4 пен ТГ антиденелері жоғарылаған. Қалқанша безінің УДЗ: эхотығыздылығы әрқелкі. Әйелдің диагнозын анықтаңыз:

<variant>аутоиммунды тиреоидит, гипертрофиялық түрі, І дәр. жемсау, клиникалық гипотиреоз; эндокринді офтальмопатия

<variant>диффузды токсиндік жемсау І дәр., эндокринді офтальмопатия

<variant>аутоиммунды тиреоидит, гипертрофиялық түрі, эндокринді офтальмопатия

<variant>біріншілік клиникалық гипотиреоз, эндокринді офтальмопатия

<variant>диффузды токсиндік жемсау І дәр., ісінулік экзофтальм

<question>Фертиль жасындағы әйелдерді тексеру барысында 17 жастағы қызда жоғары типті семіздік, беті айтабақтай, ойықтары көрінетін тері астылық көкшіл жолақтар анықталды. АҚ 160/100 мм сын. бағ. Рентгенде: түрік ершігі кеңіген. Ауруын болжаңыз:

<variant>ауру: Иценко-Кушингтің

<variant>пубертаттық кезеңнің гипоталамустық синдромы

<variant>экзогенді-конституциялық семіздік

<variant>андростерома

<variant>альдостерома

<question>17 жастағы қызды емханаға жүрек айнуы мен тоқтаусыз құсуға байланысты жеткізді.

Сусызданған, интоксикация белгілері бар. Гликемия 3,2 ммоль/л. Несепте глюкоза жоқ. Ацетонурия +++.

Осы патологиялық жағдайды тұжырымдаңыз:

<variant>ацетонемиялық құсу

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУШЫ-ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАР		044-62/11 () 48 беттің 36 беті

<variant>диабеттік кетоацидоз

<variant>гипогликемиялық жағдай

<variant>тағамдық токсикоинфекция

<variant>бүйрекүсті безінің шамасыздығы

<question>33 жастағы әйелді салмағының қосылуы, бетінің ісіңкілігі, терісінің құрғауы, іш қатпалары мазалайды. Қалқанша безі пальпацияланбайды. АҚ 90/60 мм сын. бағ., пульсі 52 мин. Т3, Т4 төмен, ал ТТГ жоғары. Болжам диагнозын анықтаңыз:

<variant>біріншілік гипотиреоз

<variant>орталық генезді семіздік

<variant>екіншілік гипотиреоз

<variant>аналық бездерінің поликистоздық синдромы

<variant>гипоталамустық синдром

<question>33 жастағы әйелді салмағының қосылуы, бетінің ісіңкілігі, терісінің құрғауы, іш қатпалары мазалайды. Қалқанша безі пальпацияланбайды. АҚ 90/60 мм сын. бағ., пульсі 52 мин. Т3, Т4 төмен, ал ТТГ жоғары. Емін анықтаңыз:

<variant>тиреодиты дәрмектер

<variant>тиреостаттық дәрмектер

<variant>диуретиктер

<variant>йод дәрмектері

<variant>қабынуға қарсы стероидты емес дәрмектер

<question>33 жастағы әйелді салмағының қосылуы, бетінің ісіңкілігі, терісінің құрғауы, іш қатпалары мазалайды. Қалқанша безі пальпацияланбайды. АҚ 90/60 мм сын. бағ., пульсі 52 мин. Т3, Т4 төмен, ал ТТГ жоғары. Біріншілік гипотиреоз тұжырымдалды, эутирокс 75 мкг/тәу. тағайындалды. Әйел бала көтеруге ниетті. Сіздің ұсыныстарыңыз:

<variant>эутиреозды жағдайға жеткізіп, емін жалғай отырып, бала көтеруге болады

<variant>жүктілік ана өлімімен жиі аяқталатындықтан, бала көтеруге тиым салынған

<variant>жүктілік ұрықтың жатырышілік өлімімен жиі аяқталатындықтан, бала көтеруге тиым салынған

<variant>дамудың тума ақаулары жиі болғандықтан, бала көтеруге тиым салынған <variant>сәбилердің тума гипотиреозы жиі болғандықтан, бала көтеруге тиым салынған

<question>27 жастағы әйелде қалқанша безі үлкейген, тығыздығы әркелкі. УДЗ: эхотығыздылығының жоғары және төмен ошақтары анықталды. Пункциялық биопсияда: лимфоидты инфильтраттар ошақтары. Т3, Т4, ТТГ қалыпты. Болжам диагнозы:

<variant>аутоиммунды тиреодит

<variant>эндемиялық жемсау (зоб)

<variant>қалқанша безінің аденокарциномасы

<variant>тиреодиті – Ридельдің

<variant>жедел іріңді тиреодит

<question>1 типті қантты диабеті бар жүкті әйел ет тағамдарын жақтырмайды. Белок мұқтаждығын жабу мақсатында ұсынуға болады:

<variant>балықты, құс еттерін, ірімшікті, жұмыртқаны, сүзбені

<variant>нан, дақылдар, картоп, ұн өнімдерін

<variant>сүт, айран, қатық

<variant>кияр, қызанақ, қырыққабат, шалғам, шомыр, баялды, кәді,сәбіз, қызылша

<variant>сары май, өсімдік майы, қаймақ, кілегей

<question>22 жастағы жүкті әйелде артық салмақ, тән орналасулармен көкшіл жолақтар (striae), АҚ кезеңімен жоғарылауы, шынтақ пен қолтық асты терісінің гиперпигментациясы бар. Болжам диагнозы:

<variant>гипоталамустық синдром

<variant>глюкокортикостерома

<variant>ауруы: Иценко-Кушингтің

<variant>синдромы: Конный

<variant>нейрогендік семіздік

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУШЫ-ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАР		044-62/11 () 48 беттің 37 беті

<question>35 жастағы жүкті әйел мойын аймағындағы, құлағына тарайтын ауырсыну мен жұтынуының қиындауына шағымданды. Жағдайының өзгеруін басынан өткерген ЖРВА байланыстырады. Об-ті: жалпы жағдайы орта ауырлықта, дене қызуы 37,8°C. Қалқанша безі 2 дәрежеге дейін үлкейген, тығыз, сипағанда ауырады, қозғалуы шектелген, үстіндегі тері ылғалды, ыстық. Пульсі 96 мин. АҚ 120/80 мм сын. бағ. ҚЖА: Нв 134 г/л, лейкоц. 9,8 мың. ЭТЖ 30 мм/сағ. Келтірілген диагноздардың ең мүмкінін таңдаңыз:

<variant>жеделдеу тиреоидит (Де-Кервена)

<variant>тиреотоксикоз

<variant>фиброзды тиреоидит

<variant>аутоиммунды тиреоидит

<variant>жедел іріңді тиреоидит

<question>28 жастағы әйел, етеккірі 2 ай келмеген, дене салмағының артуын, тер бөлінуінің азайғандығын, бетінің домбығатынын байқаған, созылмалы тонзиллиті бар. Об-ті: бойы 158 см, салмағы 98 кг. Терісінде жолақтар жоқ, айқын гиперкератоз, беті ісіңкі, көз аяшықтары жасқа толы. ЖЖС 56 мин., АҚ 100/60 мм сын. бағ. Анализдерінен: қан глюкозасы 3,3 ммоль/л; Т₃ пен Т₄ төмен, ал ТТГ жоғары. Ең тиімді тактиканы таңдаңыз:

<variant>тиреоидными дәрмектермен ем

<variant>витаминдермен ем

<variant>диуретиктер тағайындау

<variant>қабынуға қарсы терапия

<variant>калориясы аздау тағамдануды ұсыну

<question>Жоспарлы медициналық тексеруде ЖДП дәрігері 38 жастағы әйелдің пульс жиілігі мен ырғақсыздығына көңіл аударды. АҚ 160/80 мм сын. бағ. Пациенттің шағымдары жоқ, қазбалап сұрастыруда соңғы 4 айда 6 кг салмақ жоғалтқаны белгілі болды. Диагнозын нақтау үшін бірінші кезекте жүргізу керек:

<variant>қанда ТТГ, FT₄ анықтауды

<variant>қалқанша безінің УДЗ

<variant>метанефриндердің тәуліктік несептегі экскрециясын анықтауды

<variant>электрокардиограмманы

<variant>бүйрек үсті бездерінің компьютерлік томографиясын

<question>2 типті қантты диабеттің компенсациялану критерийлеріне жатады:

<variant>ашқарындағы гликемия < 7,0 ммоль/л

<variant>глюкозаланған гемоглобин (HbA_{1c})<8,0 %

<variant>глюкозаланған гемоглобин (HbA_{1c})<9,5 %

<variant>несеп глюкозасы> 0,5 %

<variant>холестерин< 6,0 ммоль/л

<question>Тума гипотиреоз дертіне тән симптомдарға қатысы жоқ:

<variant>психомоторлы козу белгілері

<variant>психомоторлық дамуының тежелуі

<variant>нәресте сарғаюының ұзақ сақталуы

<variant>терісінің құрғақтығы

<variant>бұлшық еттік гипотония

<question>Эндемиялық аймақтарда ДДҰ ұсынған, йодтық алдан алуды жекелеп (соның ішінде фертиль жасындағы әйелдерге) жүргізу шарасын таңдаңыз:

<variant>калий йодиді

<variant>йодталған ас тұзы

<variant>йодталған бөтелкедегі сулар

<variant>йодталған нан

<variant>молекулалық йод

<question>Қантты диабеттің 1 типі бар жүкті әйел кенеттен есінен танды. Ең мүмкін команы таңдаңыз:

<variant>гипогликемиялық

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУШЫ-ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАР		044-62/11 () 48 беттің 38 беті

<variant>кетоацидоздық

<variant>сүтқышқылдық

<variant>гиперосмостық

<variant>бауырлық

<question>33 жастағы әйелде андростерома анықталды. Жоспарында – жүктілік. Ең нәтижелі емін таңдаңыз.

<variant>аденомэктомия

<variant>циклдық гормонотерапия

<variant>дексаметазонмен ем

<variant>диферелинмен ем

<variant>андрокурмен ем

<question>29 жастағы әйелде аутоиммунды тиреоидиттен күдік туды. КХ сәйкес тексерулер кешені тағайындалды. Диагнозын нақтауда негізгі саналатын көрсеткішті таңдаңыз:

<variant>тироидблокадалаушы антиденелердің өндірілу деңгейінің жоғарылауы

<variant>қандағы ТТГ деңгейінің жоғарылауы

<variant>қандағы ТТГ деңгейінің төмендеуі

<variant>тироидбелсендіруші антиденелерді өндіру деңгейінің жоғарылауы

<variant>қандағы Т3 пен Т4 деңгейінің төмендеуі

<question>27 жастағы пациентте қантты диабеттің 2 типі мен аналық бездерінің поликистозды синдромы бар. Осы екі дертті біріктіретін жалпы механизмін табыңыз.

<variant>инсулинге төмен сезімталдық

<variant>инсулиннің рецепторларына антиденелердің түзілуі

<variant>инсулинге антиденелердің түзілуі

<variant>инсулиннің абсолюттік тапшылығы

<variant>инсулинге жоғары сезімталдық

<question>27 жастағы пациентте семіздік, қантты диабет 2 типті және аналық бездердің поликистозды синдромы мен дисменорея. Пациентке бірінші кезекте көрсетілген дәрмекті (дәрмектер тобын) таңдаңыз.

<variant>метформин

<variant>прогестерон дәрмегін

<variant>эстрогендерден

<variant>дексаметазон

<variant>инсулин дәрмектері

<question>13 жастағы қыз балада қантты диабет, 1 типті. Эндокринолог глюкоза деңгейін бақылау емін тағайындады. Сент-Винсент Декларациясына сәйкес қантты диабеттің жақсы бақылануының критеріін анықтаңыз.

<variant>ашқарындағы глюкоза деңгейі < 7,0; тамақтан соң <10,0 ммоль/л

<variant>ашқарындағы глюкоза деңгейі <9,9; тамақтан соң <15,0 ммоль/л

<variant>ашқарындағы глюкоза деңгейі < 4,0; тамақтан соң <6,0 ммоль/л

<variant>ашқарындағы глюкоза деңгейі > 7,0; тамақтан соң >10,0 ммоль/л

<variant>ашқарындағы глюкоза деңгейі >8,0; тамақтан соң <12,0 ммоль/л

<question>Кетоацидоздық және гиперосмостық комаларға ортақ белгі – гипергликемия, дегенмен осы асқынулардың алғашқы сағаттарындағы емінің айырмашылықтары бар: гиперосмостық комалардың алғашқы сағаттарында дегидратация, гиповолемия және гемоциркуляцияның бұзылыстарының коррекциясында қолданады:

<variant>вена ішіне тез, натрий хлоридінің 0,45% ерітіндісін (гипотониялық ерітінді) енгізеді, әрі қарай изотониялық ерітіндіге өтеді де, инсулиндік ем негізінде оны глюкозаның деңгейі 12-14 ммоль/л болғанға дейін жалғастырады+инсулиндік ем

<variant>алғашқы сағаттарда 1 л артық сұйықтық енгізуге болмайды; кейінгі 2 сағатта тағы 1 л; ал үшінші литрді кейінгі үш сағатта енгізеді; кетоацидоздық комада регидратация мақсатында 0,9% натрий хлоридін енгізеді+инсулиндік ем

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУШЫ-ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАР		044-62/11 () 48 беттің 39 беті

<variant>буферлік ерітінділерді вена/ішіне енгізу көрсетілген

<variant>электролиттердің деңгейін инфузиялық ерітінділермен коррекциялау қажеттілігі жоқ

<variant>инсулиндік емді тек тері астына қолданады

<question>Кетоацидоздық және гиперосмостық комаларға ортақ белгі – гипергликемия, дегенмен осы асқынулардың алғашқы сағаттарындағы емінің айырмашылықтары бар: гипергликемиялық кетоацидоздық комалардың алғашқы сағаттарында дегидратация, гиповолемия және гемоциркуляцияның бұзылыстарының коррекциясында қолданады:

<variant>алғашқы сағаттарда 1 л артық сұйықтық енгізуге болмайды; кейінгі 2 сағатта тағы 1 л; ал үшінші литрді кейінгі үш сағатта енгізеді; кетоацидоздық комада регидратация мақсатында 0,9% натрий хлоридін енгізеді+инсулиндік ем

<variant>вена ішіне тез, натрий хлоридінің 0,45% ерітіндісін (гипотониялық ерітінді) енгізеді, әрі қарай изотониялық ерітіндіге өтеді де, инсулиндік ем негізінде оны глюкозаның деңгейі 12-14 моль/л болғанға дейін жалғастырады+инсулиндік ем

<variant>буферлік ерітінділерді вена/ішіне енгізу көрсетілмеген

<variant>электролиттердің деңгейін инфузиялық ерітінділермен коррекциялау қажеттілігі жоқ

<variant>инсулиндік емді тек тері астына қолданады

<question>29 жастағы әйелге аутоиммунды тиреоидит диагнозы қойылды, жоспарында жүктілік бар.

Қалқанша безінің қызметтік жағдайы – гипотиреоз. Осы жағдайдағы ең тиімді дәрмекті таңдаңыз.

<variant>левотироксин орынбасушы дозада

<variant>калия йодиді емдік дозада

<variant>калия йодиді профилактикалық дозада

<variant>левотироксин супрессиялық дозада

<variant>глюкокортикоидтар

<question>34 жастағы әйел қалқанша безінің ұлғаюына байланысты тексерілді. Гормондық статусында: ТТГ жоғары деңгейі мен Т₃ және Т₄ төмен деңгейлері нақталды. Жіңішке инелік аспирациялық биоптатта фолликуларлық эпителийдің аса айқын емес пролиферациясы мен коллоидтың жиналуы анықталды. Емін ұсыныңыз.

<variant>левотироксин 50-75 мкг/тәу. (6 айдан соң тиреоидит динамикасына байланысты тактика) және бірге калий йодиді 200 мкг/тәу.

<variant>калий йодиді 200 мкг/тәу. тек 6 ай, соңынан йодталған тұз

<variant>левотироксин 50-75 мкг/тәу. өмір бойы

<variant>тек левотироксин 50-75 мкг/тәу., 6 айдан соң йод дәрмектері

<variant>тирозол

<question>Фертиль жасындағы, «Д» есепте диффузды токсиндік жемсау диагнозымен тұратын әйел жүктілік жоспарлады. Төмендегілерден жүктілік кезінде аталған дертпен қабылдауға болатын дәрмекті таңдаңыз:

<variant>пропилтиоурацил


<variant>мерказолил

<variant>тирозол

<variant>левотироксин

<variant>йодид калия

<question>28 жастағы әйел кісі жүктілік жоспарлап отыр, үлкен дәретінің бұзылысына байланысты ФКС зерттеуінен өткен: Жуан ішек кілегейі қызғыш, ішегі түйілген. Қуысында көп мөлшерлі кілегей бар. Ауамен үрлегенде науқас, ауырсыну сезеді. Сіздің тұжырымыңыз бен тактикаңыз:



<variant>ішектің тітіркену синдромы, гастроэнтерологта емдету, бала көтеруге қарсы көрсетпе жок

<variant>ішектің полипі, емге мұқтаж емес, бала көтеруге қарсы көрсетпе жок

<variant>ішектің рагі, онколог кеңесі, бала көтеруге болмайды

<variant>бейспецификалық жаралы колит, гастроэнтерологта емдету, бала көтеруге болмайды

<variant>ауруы, Кроннын, гастроэнтеролог және хирургта емдету, бала көтеруге болмайды

<question>Фертиль жасындағы әйел 6 жыл бойына жүктілікке қарсы дәрі ішіп жүрген. Терінің қышуы мазалайды. Бауырішілік холестазды мына белгілер растайды:

<variant>сілтілі фосфатаза және ГГТП жоғарылауы

<variant>липопротеидтер деңгейінің жоғарылауы

<variant>g-глобулин деңгейінің жоғарылауы

<variant>сілтілі фосфатазаның жоғарылауы

<variant>қышқыл фосфатазаның төмендеуі

<question>Бауырдың біріншілік билиарлы циррозының диагноздық спецификалық тестін таңдаңыз:

<variant>антимитохондрийлік антиденелер (M2)

<variant>гипергаммаглобулинемия

<variant>тест, LE- клеткасына

<variant>тегіс бұлшық етіне антиденелер

<variant>бауырлық-панкреатитті антигенге антиденелер (LP)

<question>Диагнозын болжаңыз: 28 жастағы жүкті әйел (мерзімі 22-23 апта), оң қабырға астының ұстама тәрізді ауырсынуына, аузына ащы дәмнің келуіне, жалпы әлсіздікке, терінің әлсіз сарғаюына шағымданды. Диетаны бұзуына байланысты ұстама тәрізді ауырсынулар 10 жыл көлемінде мазалаған.

УДЗ: өт қабы ұлғайған, төмен орналасқан, түбінде - ірі тас.

<variant>созылмалы тасты холецистит, өршу фазасы

<variant>өт қабының ісігі

<variant>созылмалы дуодениттің өршу фазасы

<variant>өт жолдарының дискинезиясы, гипомоторлы типті

<variant>созылмалы тассыз холециститтің өршу фазасы

<question>Жүкті әйелдердегі рецидивтеуші сарғаюда қолданылатын дәрмекті таңдаңыз:

<variant>урсодезоксихолий қышқылы дәрмегі

<variant>кортикостероидтар

<variant>ауыстыра қан құю

<variant>интерферон

<variant>иммуран

<question>Ауыр гиперхромды анемияның ең мүмкін себебін таңдаңыз:

<variant>алкоголизм

<variant>қан жоғалту

<variant>темекі шегу

<variant>бауыр циррозы

<variant>созылмалы гепатит

<question>Жүкті әйел әлеуметтік төмен топтан, цитоллиз синдромы бар, зиян әдеттерін мойындамайды.

Есте сақтаңыз, гаммаглутамилтранспептидазаның жоғарғы деңгейі ... тән:

<variant>жедел алкогольді гепатитке

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУШЫ-ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАР		044-62/11 () 48 беттің 41 беті

<variant>созылмалы гепатиттің В және С түріне

<variant>гемохроматозға

<variant>қантты диабетке

<variant>созылмалы панкреатитке

<question>Нефротикалық синдром - бес белгіден тұратын ауыр клиникалық-зертханалық кешен. Нефротикалық синдромға қатысы жоқ симптомды таңдаңыз.

<variant>артериялық гипертензия

<variant>массивті протеинурия

<variant>гипопротеинемия

<variant>гипонкотикалық массивті ісіну

<variant>гиперхолестеринемия, липидурия

<question> 28 жастағы әйел жүктіліктің 17-18 аптасында тіркеуге тұрды. Объективті қарағанда аяғының ісінуі анықталды. АҚ 160/90 мм сын. бағ. НЖА: тығ. 1,012, белок 1,066г/л, лейко. 4-5 к/а, лейкограммада 40% лимфоциттер. Зимницкий сынамасында тығыздығының тербелісі: 0,007. ЭКГ СКГ белгілері. Креатининнің қандағы концентрациясы 100 мкмоль/л. Жүкті әйелдегі нозобірікті болжаңыз.

<variant>БСА, созылмалы гломерулонефрит

<variant>БЖЗ (ОПП), жедел гломерулонефрит

<variant>НЖИ (ИМП), жедел пиелонефрит

<variant>БСА, созылмалы пиелонефрит

<variant>гестациялық АГ

<question> 22 лет жастағы жүкті әйелде (2 жүктілік, мерзімі 24-25 апта), соңғы аптада АҚ 150/90 мм сын. бағ. дейін жоғарылады. Бірінші жүктілігі асқынусыз, дені сау нәрестені дүниеге әкелумен аяқталған. ДМИ/ИМТ 27. Жүрек тондары анық, ырғақты, жсс 72 мин. АҚ 140/90 мм сын. бағ. ЭКГ: ырғақ көзі синусты, жсс 74 мин. ЖЭӨ горизонталь. СКГ белгілері. Сіздің диагнозыңыз және тактикаңыз:

<variant>гестациялық АГ, допегит 250мг әр 6 сағатта 2/1 таблеткадан

<variant>созылмалы АГ, орта ауырлықта; фон: метаболизмдік синдром? Конкор 5 мг/тәу.

<variant>феохромцитомы САГ, операциялық емге дайындау

<variant>эссенциаль АГ 2 дәр., қауіп тобы 2. Амлодипин 5 мг ертеңгілікте

<variant>БСА/ХБП, нефрогенді АГ, нефролог кеңесі

<question>24 лет жастағы жүкті әйелде (2 жүктілік, мерзімі 11-12 апта), соңғы аптада АҚ 150/90 мм сын. бағ. дейін жоғарылады. Бірінші жүктілігі 5 жыл бұрын асқынусыз, дені сау нәрестені дүниеге әкелумен аяқталған. ДМИ/ИМТ 30. Ұлғайған қалқанша безі пальпацияланды. Жүрек тондары тұйықтау, ырғақты, жсс 62 мин. АҚ 140/90 мм сын. бағ. ЭКГ: ырғақ көзі синусты, жсс 62 мин. ЖЭӨ горизонталь. СКГ белгілері. ТТГ 5 ХБ/мл. Сіздің диагнозыңыз және тактикаңыз:

<variant>созылмалы АГ, орта ауырлықта. Фон: эндемиялық диффузды жемсау, гипотиреоз. Калий йодидін 200 мкг в тәу. Табл. Допегит 250 мг, 2/1 табл. әр 8 сағ

<variant>диффузды токсиндік жемсау, симптомдық АГ, жүктілікті ұзу

<variant>созылмалы АГ, орта ауырлықта.. Фон: аутоимунды тиреоидит, эутиреоз фазасы, ем қажет емес

<variant>созылмалы АГ, орта ауырлықта. Фон: эндемиялық диффузды жемсау, гипотиреоз. Эутирокс 50 мкг в тәу. тағайындау

<variant>диффузды токсиндік жемсау, симптомдық АГ, мерказолил тағайындау

<question>Жүрек ақауы бар жүкті әйелді тексеріп-зерттегендегі негізгі мақсатқа қатысы жоқ:

<variant>анемияның дәрежесін анықтау

<variant>ақаудың түрін, фондық ауруын нақтау

<variant>қанайналым шамасыздығының дәрежесін анықтау

<variant>өкпелік гипертензияның бар-жоқтығын анықтау

<variant>ілеспелі дерттерді анықтау

<question>HELLP- синдром құрамына келесі белгілер кіреді:

<variant>Гемолиз, бауыр ферменттері деңгейінің өсуі, тромбоцитопения

<variant>Гемолиз, тромбоцитопения

<variant>Гемолиз, холестаз, бауырдың мезенхималық қабыну синдромы

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУШЫ-ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАР		044-62/11 () 48 беттің 42 беті

<variant>Тромбоцитопения, ДВС-синдром, қан кету

<question>Босанудан кейін бір айдан соң 28 жастағы әйел бетте эритемалы дақтар, дене қызуының 39⁰ С дейін жоғарылауы, арықтау, полиартралгия, ісінулер дамуына және АҚ жоғарылауына шағымданады. Зерттегенде анықталды: Нв 90 г/л, СОЭ 50 мм\сағ., фибриноген 6 г/л, альбумин 30%, LE жасушалар 5:1000 лейкоцитке. Диагноз:

<variant> жүйелі қызыл жегі

<variant> жүйелі склеродермия

<variant> дерматомиозит

<variant> диффузды эозинофильді фасциит

<variant> ревматизмдік полимиалгия

<question> № 626 (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі) бұйрығына сәйкес жүктілік келесі, зәр шығару жолдарының патологиясымен ұзартылуы мүмкін:

<variant>пиелонефрит, ремиссияда

<variant>жедел гломерулонефрит

<variant>жалғыз бүйректің пиелонефриті

<variant>созылмалы пиелонефрит, нефрогенді гипертензия

<variant>диабеттік нефропатияның IV-V сатысы

<question>24 жастағы әйел, екінші жүктілігінің 34 аптасы, дәрігерге келесі шағымдармен қаралды: төс сүйегі артындағы күйдіріп ауыру мен қыжыл. Объективті: тері жамылғылары қалыпты, Тілі ылғалды, ақ шөгінді бар, бүйір жақтарында тістерінің ізі бар. Іш пальпациясында ауырсыну жоқ. . ФГДС-да: өңешінің төменгі үштігінің кілегей қабатының гиперемиясы, бірлі-екілі эрозиялар асқазанның кілегей қабаты қалыпты.

<variant>ГЭРА, эзофагит

<variant>ЖКС

<variant>жүктілер қыжылы

<variant>Баррет өңеші

<variant>созылмалы гастрит

<question>21 жастағы жүкті әйел, дәрігерге келесі шағымдармен келді: екі қол басының майда буындарының ісінуі мен ауырсынуы, танертеңгілік сіресу, жалпы әлсіздік, делсалдық. Анамнезінде жиі суықтап аурулар. Бір жыл бұрын майда буындарында ісіну мен ауырсыну пайда болған. Индометацин қабылдаған соң жоғарыдағы өзгерістер басылған. 3 апта бұрын жоғарыдағы буындарда ісіну дамыған. Объективті: тері түсі қалыпты, екі қол басының II және IV саусақтарының проксималь-фаланга аралық буындарының симметриялық дефигурациясы байқалады, қол басының сырт тұсының бұлшық еттерінің аздаған атрофиясы бар. Аталған буындардағы қозғалыс көлемі аздап шектелген. Өкпесінде везикулалық тыныс. Жүрек тондары айқын, ырғақты. Қанның жалпы анализінде: Нв 130 г/л, эр. 4x10¹²/л, лейкоц. 9,2x10⁹/л, эоз. 1%, т/я 2%, с/я 67%, лимф. 27%, мон. 3%, ЭТЖ 40 мм/сағ. С-реакциялық белок (+++), АЦПП 21 ед/мл. Сіздің диагнозыңыз:

<variant>ревматоидты артрит

<variant>жедел ревматизмдік қызба

<variant>қайталанған ревматизмдік қызба

<variant>Рейтер ауруы

<variant>ЖКЖ

<question>29 жастағы әйел, үш жыл тұрмыста, етеккірінің келмегеніне 9 апта, гинекологқа есепке тұрған. Шағымдары: ұйқышылдық, тері жамылғыларының құрғақтығы, апатия, көңіл-күйінің түсіңкілігі, жалпы әлсіздік. Екі жыл бұрын эндокринологқа жолдама берілген, бірақ тексерілмеген. Об-но: жалпы жағдайы қанағаттанарлық, тері жамылғылары құрғақ, қуқыл-сарғыш, шынтақ пен тобықтарының сыртында терісі қоңырқай, тығыз, айқын гиперткератоз. Жүрек тондары солға кеңейген, тондары әлсіз, брадикардия, жсс 56 мин. АҚ 100/70 мм сын. бағ. Тілі ылғалды, үлкейген, шеттерінде тістердің іздері. Қалқанша безінің қос бөлігі де ұлғайған.

ҚЖА: Анемия І дәр. ТТГ 5,6 мБ/мл; Т₄ белсенді фракциясы 7,6 пмоль/мл. ЭКГ: ырғағы синусты, жсс 56 мин, миокардтың дистрофиялық өзгерістері. Сіздің диагнозыңыз:

QO'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «O'ntustik Qazaqstan medicina akademiasy» AQ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY AO «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУШЫ-ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАР	044-62/11 () 48 беттің 43 беті

<variant>диффузды эндемиялық зоб, гипотиреоз

<variant>диффузды эндемиялық зоб, эутиреоз

<variant>диффузный токсиндік зоб

<variant>созылмалы аутоимунды тиреоидит

<variant>қалқанша безінің гипоплазиясы, гипотиреоз

<question>Антифосфолипидтік синдромның диагноздық критерийлері: а) артрит; б) артериялық окклюзия; в) фосфолипидтерге антиденелер титрінің жоғары болуы; г) инфекциялық эндокардит; д) рецидивтеуші спонтанды түсіктер

<variant>б, в, д

<variant>б, в, г

<variant>а, б, в, г

<variant>б, в, г, д

<variant>а, б, д

<question>Науқас 21 жаста. Босанған соң 1 айдан кейін терапия бөлімшесіне түсті. Шағымдары: дене температурасының 38,2 С дейін жоғарылауы, балтырында ауыратын пурпуралы түйіндердің пайда болуы және тізе буынының ісінуі. Үлкен дәреті, диурезі өзгеріссіз. Тексеру кезінде өкпе, жүрек, іш қуысы мүшелерінде өзгерістер жоқ Қанның жалпы анализі: НБ 132 г/л, лейкоциттер $5,1 \times 10^9$ /л., ЭТЖ 44 мм\сағ. Несептің жалпы анализі патологиясыз. Антинуклеарлы АД титрі 1:20. Ревматоидты фактор анализі теріс мәнді. Кеуде қуысы мүшелерінің рентгенологиялық тексеруінде бронхөкпелік лимфа түйіндерінің ұлғаюы байқалған. Дұрыс диагнозды таңдаңыз:

<variant>саркоидоз

<variant>иерсиниоз

<variant>түйінді периартериит

<variant>босанудан кейінгі сепсис

<variant>ЖКЖ

<question>20 жастағы науқас, босанғаннан кейін бұлшықеттерінде ауыру сезімі, бұлшықеттік әлсіздік пайда болған. Бір апта бұрын қабағының ісінуі, аздаған жүктеме кезінде ентігу, маңалықы, тамаққа шашалу қосылған. Об-ті: ісінген, иық белдеуінің бұлшықеттері, саны ауырады, беті мимикасыз. Жүрек шекаралары ұлғайған, үндері қатаң, ЖСС 100 рет\мин. АҚ 140\90 мм сын.бағ. ҚЖА: эр-4,5 *10¹², Нв-110 г/л, лейко-7 *10⁹, ЭТЖ 66 мм\сағ, АЛТ 17 МЕ. Емді келесі дәрілердің қатарынан бастайсыз:

<variant> глюкокортикостероидтардан

<variant> цитостатиктерден

<variant> аминохинолидерден;

<variant> қабынуға қарсы стероидты еместерден

<variant>Д-пеницилламиннен

<question>30 жастағы жүкті әйел артериялық гипертензиямен келді: әлсіздікке, сол көзінің көруінің нашарлауына, ірі буындарының көшпелі ауырсынуына шағымданады. Жазу жазғанда қолдарында әлсіздік және дискомфорт сезімі пайда болады. Объективті тексергенде пульстің (сол жақта әлсіздеу) және АҚ (оң жақта АҚ 180\100 мм сын. бағ., сол жақта АҚ 160\90) асимметриясы анықталады.

Аортаның құрсақ бөлігінің үстінен систолалық шу естіледі. Іш қуысы мүшелері патологиясыз. Қанның жалпы анализі: Нб 112 г/л, лейкоциттер $5,7 \times 10^9$ /л, лейкоформула өзгеріссіз, ЭТЖ 28 мм\сағ Несептің жалпы анализі өзгеріссіз. Антинуклеарлы антиденелер анықталмады. Қандағы холестерин 4,2 ммоль\л. Болжам диагноз:

<variant>бейспецификалық аортоартериит

<variant>ЖКЖ

<variant>атеросклероз

<variant>фибромускулярлы дисплазия

<variant>аорта коарктациясы

<question>Артериялық қысымның оң және сол қолда айырмашылығының 20 мм сын. бағанасынан жоғары болуы тән ауру:

<variant>Такаясу ауруы

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУШЫ-ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАР	044-62/11 () 48 беттің 44 беті

<variant>артериялық гипертензиялардың қатерлі ағымы

<variant>бүйрек артериясының стенозындағы артериялық гипертензия

<variant>созылмалы артериялық гипертензия

<variant> аорта мойнағының коарктациясы

<question>Клиникалық ситуацияны бағалап, диагнозын болжаңыз: туу жасындағы әйелде бір ай шамасында қызба. Об-ті: оң ұйқы артериясының үстінде дөрекі систоалық шу, оң білезік артериясында пульс сезілмейді және АҚ екі қолында екі түрлі АГ синдромы бар:

<variant>бейспецификалық аортоартериит

<variant>жүйелі қызыл жегі

<variant>фибромускулярлы гиперплазия

<variant>дәрмектік ауру

<variant>гүйіншектік периартериит

<question>Антифосфолипидті синдромдағы қан анализіне тән өзгерістер:

<variant>ЭТЖ жоғарылауы, шамалы тромбоцитопения, кейде гемолиздік анемия, лейкоцитоз

<variant>темір тапшылық анемия, тұрақты лейкоцитоз, тромбоцитоз

<variant>ЭТЖ жоғарылауы, лейкоцитоз

<variant>гипорегенерациялық анемия, лейкопения, тромбоцитопения

<variant> эритроцитоз, тромбоцитоз, ЭТЖ жоғарылауы

<question> Эндемиялық аймақтарда, топтық йод профилактикасы үшін ДСҰ ұсынған препаратты тандаңыз:

<variant>калий йодиді

<variant>йодталған ас тұзы

<variant>йодталған бөтелкедегі су

<variant>йодталған нан

<variant>молекулярлық йод

<question>17 жастағы науқас 6 жыл бойы ИТҚД-мен(Инсулинге тәуелді қант диабеті) ауырады, күніне 1 рет инсулин қабылдайды: Актрапид 18 бірлік, инсулин таспасы 38 бірлік, инсулин ультралента 40 бірлік . Шағымдары тұрақты бас ауруы, бас айналу, көрудің кенет өзгеруі, агрессивтілік, ұйқышылдық, еңбекке қабілеттілігінің төмендеуі. Пациент өзін «гипогликемия» мен ауырамын деп санайды, алайда гликемия 15,3 ммоль / л шегінде болды. Протеинурия тұрақты, мочевиная қалыпты. АҚҚ 170/90 мм.

Науқастың диагнозы:

<variant>ИТҚД ауыр ағымы, декомпенсация фазасы, Сомоджи синдромы, диабеттік нефропатияның 2 сатысы

<variant>ИТҚД, ауыр ағым, декомпенсация фазасы, Сомоджи синдромы, диабеттік нефропатия 3 сатысы

<variant>ИТҚД ауыр ағымы, декомпенсация фазасы, диабеттік нефропатия 2 сатысы

<variant>ИТҚД ауыр ағымы, декомпенсация фазасы, диабеттік нефропатия 2 сатысы. Киммелстила-Уилсон синдромы.

<variant>Ауыр ИТҚД, декомпенсация фазасы, диабеттік нефропатияның 2 сатысы, маниакальды-депрессиялық синдром.

<question>23 жастағы жүкті әйел тез шаршауға, жүрісі тұрақсыздығына, күнделікті дене жүктемесінде еңіруге шағымданады. Объективті: дене қызуы – 37,2 С, тері қабаты бозарған, склерасы аздап сарғайған, бауыр пальпациясында шеті домаланған. ЖҚА: Нв-90 г/л, ТК - 1,2, L – 4,2x10⁹/л, Тр 120x10⁹/л, макроцитоз, полисегменттелген нейтрофилдер, ЭТЖ-38мл/сағ. Аурудың туу себебіне ... жатады.

<variant>ішкі Касл факторының секрециясы жетіспеушілігі

<variant>туа пайда болған микросфероцитоз

<variant>фоллий қышқылының сіңірілуі бұзылуы

<variant>радиоактивті сәулелену

<variant>жіті қан кету